«АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ АЛҒА АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ» ММ №3 «ГҮЛДЕР» АЛҒА БАЛАЛАР БАҚШАСЫ МКҚК

ГККП ДЕТСКИЙ САД №3 «ГУЛДЕР» ГУ «ОТДЕЛ ОБРАЗОВАНИЯ АЛГИНСКОГО РАЙОНА УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ АКТЮБИНКОЙ ОБЛАСТИ

Б Ұ Й Р Ы Қ

П Р И К А З

2025 жылғы 23.09. **№ 41** **23.09. 2025 года**

Алға қ. **г. Алга**

Білім беру ұйымдарында қаражат жинауға тыйым салу, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу туралы

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңының 63 бабына және Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының талаптарына сәйкес білім беру ұйымдарында заңсыз қаражат жинау фактілерінің алдын алу мақсатында және Ақтөбе облысының білім басқармасының 22.09.2025 жылғы № 435 бұйрығын негізге ала отырып, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Балабақшада заңсыз ақша қаражаттарын жинауға тыйым салынсын;
2. Заңсыз ақша қаражаттарын жинауды болдырмау туралы педагогтар мен ата-аналар арасында алдын алу жұмыстары күшейтілсін;
3. Электронды қолтаңбасы орналасқан құрылғыны өзге қызметкердің қолдануына қатаң тыйым салынсын;
4. Сыбайлас жемқорлық бойынша құқық бұзушылық және қылмысқа жол берген барлық айғақтардың алдын алу бойынша тиісті деңгейде шаралар қабылдансын;
5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын;

Ақтөбе облысының білім басқармасы
Алға ауданының білім бөлімі ММ
№3 Гүлдер балалар бақшасы
МКҚК-ның меңгерушісі **А.Айсина**